

Білім беру ұйымдарында *(мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік)*

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында *(мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік)* меншік түріне қарамастан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілсін.

2. Бұйрыққа қоса берілген қосымшаларға сәйкес:

2.1. Бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілсін;

2.2. Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес облыстың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Аудандық *(қалалық)* **білім бөлімдерінің басшылары:**

3.1. Меншік нысанына қарамастан аталған бұйрық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына жеткізілсін.

3.2. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етілсін.

4. Аудандық *(қалалық)* **білім бөлімдерінің басшылары техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен облыстық интернаттардың директорлары:**

4.1. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық кеңесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылсын.

4.2. Білім беру ұйымдарының 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары әзірленіп, бекітілсін.

5. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлімі *(Г. Бакиева)*, **облыстық әдістемелік орталық директоры** *(Г. Аяпова)*:

5.1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін;

5.2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде озық іс-тәжірибелер таратылсын;

5.3. Инстаграм әлеуметтік парақшасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бірыңғай парақшасы ашылып, бағдарламаның жүзеге асырылу барысы насихатталсын.

6. Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 «Облыстың білім беру ұйымдарында *(мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім)* «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

8. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

Ж. Сұлтан